

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан "Прикаспийбурнефть" ресей мемлекеттік өндірістік бірлестігінің мүлкіне қатысты меншік құқықтарын реттеу туралы келісімге қол қою туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 12 ақпан N 226

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы үкіметтік делегацияларының 1993 жылғы 11 қыркүйектегі кездесуінде (Көкшетау қаласы) қол жеткізілген сауда-экономикалық ынтымақтастық мәселелері жөніндегі уағдаластықты іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан "Прикаспийбурнефть" ресей мемлекеттік өндірістік бірлестігінің мүлкіне қатысты меншік құқықтарын реттеу туралы келісімге қол қойылсын.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан "Прикаспийбурнефть" ресей мемлекеттік өндірістік бірлестігінің мүлкіне қатысты меншік құқықтарын реттеу туралы келісімге Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан қол қоюға Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі

Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің төрағасы Мақсұтбек Смағұлұлы Рахановқа өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан "Прикаспийбурнефть" ресей мемлекеттік өндірістік бірлестігінің мүлкіне қатысты меншік құқығын реттеу туралы  
Келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі



Қазақстан Республикасының Үкіметі

мен Ресей Федерациясының Үкіметі  
арасындағы Қазақстан Республикасының  
аумағында орналасқан "Прикаспийбурнефть"  
ресей мемлекеттік өндірістік  
бірлестігінің мүлкіне қатысты  
меншік құқығын реттеу туралы келісімге  
қосымша

(01.01.93 ж. жағдай бойынша мың руб.)

N	Топтардың атауы	Барлығы берілгені	Қазақстан Республикасына берілгені	Ресей Федерациясына берілгені
1	Ғимараттар мен құрылыстар	928665,1	880479,1	48186,0
2	Бұрғылау қондырғылары	454407,2	247711,1	206696,1
3	Машиналар мен жабдықтар	377040,5	220476,8	256563,7
4	Автомобиль техникасы	55338,0	12803,0	42535,0
5	Трактор техникасы	554880,7	9596,0	45284,7
6	Арнаулы техника	4512,5	4512,5	--
7	Технологиялық жабдықтар	66201,3	34075,2	32126,1

8 Әлеуметтік-тұрмыстық мақсаттағы мүліктер	4016,9	1161,3	2855,6
--	--------	--------	--------

Жиыны:	1945062,2	1410815,0	534247,2
--------	-----------	-----------	----------

Айналым қаражаты тең бөлінеді 50-50 (әрбір атау бойынша заттай өлшеммен 1/1).

Қазақстан Республикасы берген мүліктің жалпы құны комиссия жұмысының күні беретін мүліктің құнынан және кесте бойынша берілген мүліктің құнынан жинақталады.

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.